ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 22 сәуір №5165-25-00-2/832 іс Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы М.И. Оңласов оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойыншаазаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

ЖАУАПКЕР:
«Fast Telecom» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 223-226, 267-4 баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының талап қоюы қанағаттандырылсын.

«Fast Telecom» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Fast Telecom» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде

Құжатқа қол қойылған: Оңласов М.И., 22.04.2025
Заңды күшіне енген күні: 29.05.2025, судья Рыскулбеков К. О., 30.05.2025
5165-25-3-1/764

хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **М.И. Оңласов**

Құжатқа қол қойылған: Оңласов М.И., 22.04.2025

Заңды күшіне енген күні: 29.05.2025, судья Рыскулбеков К. О., 30.05.2025

5165-25-3-1/764